

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 қыркүйек N 1130

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қосымшаға сәйкес номенклатура мен сан бойынша 2000 жылғы 14 қыркүйектегі N 01/2001 келісім-шарт бойынша "Өзалмасалтын" алтын өндіру және алмас өңдеу жөніндегі өзбек кәсіпорындарының ассоциациясы (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) үшін "Химия және механика орталық ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік біртұтас кәсіпорнының еншілес кәсіпорны "Роспромвзрыв" ғылыми-өндірістік, сауда-көрме орталығы" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарылғыш материалдардың транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

№ 1130 қаулысына

қосымша

2000 жылғы 14 қыркүйектегі № 01/2001 келісім-шарт бойынша  
"Өзалмасалтын" ассоциациясы үшін "Роспромвзрыв" федералдық  
мемлекеттік біртұтас кәсіпорны беретін жарылғыш  
материалдардың номенклатурасы мен саны және  
жүк жөнелтушілердің тізімі

Р/с N	Жарылғыш материалдардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі мен бағасы	Саны мен құны	АҚШ доллары. жалпы	АҚШ доллары.
1.	Диаметрі 32 мм патрондалған 6ЖВ аммониті	360200000	тонна	300,0	990,0	297000,0
2.	АС-8 гранулиті	360200000	тонна	100,8	700,0	70560,0
3.	79/21 граммониті	360200000	тонна	50,4	645,0	32508,0
4.	30/70 граммониті	360200000	тонна	50,4	1090,0	54936,0
5.	ОӨЖ от өткізетін жіп	360300100	мың метр	800,0	141,0	112800,0
6.	КД-8 МА капсуль- детонатор Жиыны	360300900	мың дана	513,0	131,0	67203,0
				635007,0		

Жүк жөнелтушілер:

1. "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы);
2. "Красноуральск химия зауыты" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы);
3. "Промсинтез" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы);
4. "Бийск" олеум зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы).

Баратын станциясы: Өзбек темір жолының Аблык станциясы;

Шекаралық өту станциясы:

1-жол бағыты: Локоть (Ресей Федерациясы) - Шенгелді (Қазақстан Республикасы);

2-жол бағыты: Соль-Илецк (Ресей Федерациясы) - Шенгелді (Қазақстан Республикасы);

3-жол бағыты: Тобыл (Ресей Федерациясы) - Шенгелді (Қазақстан Республикасы);

4-жол бағыты: Локоть (Ресей Федерациясы) - Шенгелді (Қазақстан Республикасы).

Жүк алушы: Ангрен алтын өндіру кеніші (Ангрен қаласы, Өзбекстан Республикасы).

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.